

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2023 жылғы 05 мамырдағы ҚАУЛЫСЫ

1. Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаның “2023/24 оқу жылына бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білім алушыларды қабылдау үшін білім беру бағдарламаларын бекіту туралы” баяндамасын тыңдай және талқылай отырып, Академиялық комитеттің шешімін ескеріп, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1.1 2023/2024 оқу жылына білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыру үшін бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі (163 БББ 47 ББТ) бекітілсін.
- 1.2 «Педагогикалық білім берудің әлеуетін күшейту» Дүниежүзілік банк жобасы бойынша әзірленген 11 жаңа білім беру бағдарламаларын Реестрге енгізу қамтамасыз етілсін (*жауапты – Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті (ББЖД), мерзімі -15.06.2023ж. дейін*);
- 1.3 «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» Дүниежүзілік банк жобасы бойынша әзірленген 13 жаңа білім беру бағдарламаларын пилоттауға даярлау қамтамасыз етілсін (*орындаушы - Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті (ББЖД), Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті (АМД), ППИ, МФИИ, ЖГИ, ӨМСИ, ТҚИ, мерзімі -01.07.2023ж. дейін*);
- 1.4 Жаңа білім беру бағдарламалары бойынша силлабустар мен оқыту контентін әзірлеу бойынша профессорлық-оқытушылық құрамды оқыту ұйымдастырылсын (*орындаушы - Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті, педагогикалық әзірлеуші-тренерлер тобы, АМД, ППИ, МФИИ, ЖГИ, ӨМСИ, ТҚИ, мерзімі -01.07.2023ж. дейін*);
- 1.5 «Педагогикалық білім берудің әлеуетін күшейту» Дүниежүзілік банк жобасы бойынша әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын университет оқытушылары мен қызметкерлерін қолдау мәселесі зерделенсін (*орындаушы - АМД, ППИ, МФИИ, ЖГИ, ӨМСИ, ТҚИ, мерзімі -15.06.2023ж. дейін*)

2. Педагогика және психология институтының директоры Г.А.Абаеваның Педагогика және психология институтының 2022-2025 ж.ж. арналған Даму стратегиясының орындалуы туралы есебін тыңдай және талқылай келе, Комитет комиссиясының отырысының шешімін ескере, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 2.1. Педагогика және психология институтының 2022-2025 ж.ж. арналған Даму стратегиясының 2022 жылы орындалуы барысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.2 Академиялық мәселелер бойынша: Педагогика және психология институтының директоры Г.А.Абаеваға, Педагогика және психология институтының кафедра меңгерушілеріне Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті (ББЖД), Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті (АМД) бірлесе отырып:

- Қоғамдық қажеттіліктер мен сұраныстардың өзгеруіне сәйкес қолданыстағы білім беру бағдарламаларына тұрақты түрде мониторинг жасап отыру және оларды жетілдіру, жаңа білім беру бағдарламаларын сұранысқа сәйкес ашу (оқу жоспарларын жетілдіру, Дүниежүзілік банкінің тапсырмасы бойынша әзірленген жаңа ББ жүзеге асыру) назарда ұсталынсын;
  - Ағылшын және үш тілді білім беру бағдарламаларын әзірлеу жалғастырылсын (ағылшын тілінде сабақ бере алатын ПОҚ құрамы күшейтілсін т.б.);
  - Институт профессор-оқытушы құрамының авторлық бұқаралық ашық онлайн курстарын (MOOK) дайындауы ары қарай жалғастырылсын.
  - Coursera платформасында онлайн біліктілікті арттырудан өз бетінше өтетін ПОҚ, сондай-ақ магистранттар мен докторанттар санын ұлғайту мақсатында жұмыстар жүргізілсін;
  - үздік шетелдік ЖОО орындарымен ынтымақтастықты арттыру жұмыстары, соның негізінде екідипломды ББ әзірленсін;
- 2.3. Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша: Педагогика және психология институтының директоры Г.А.Абаеваға, Педагогика және психология институтының кафедра меңгерушілеріне:
- Университет білімалушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді тарту тетіктерін жетілдіру (студенттердің стартап-жобаларының нәтижелерін іске асыру, ішкі гранттар жүйесі арқылы ғылыми жобаларды қаржыландыру) ары қарай жалғастырылсын;
  - Педагогика және психология институты бойынша докторанттардың диссертация қорғау мәселесі туралы ұсынылған ақпарат назарға алынсын;
  - докторанттардың ғылыми жұмыстарының сапалы әрі уақтылы қорғауға шығуына кафедралар мен Ғылыми кеңесшілерінің жауапкершілігі күшейтілсін;
- 2.4. Кәсіби бағдар беру бойынша: Педагогика және психология институтының директоры Г.А.Абаеваға, Педагогика және психология институтының кафедра меңгерушілеріне:
- институттағы бакалавриат білім беру бағдарламаларына отандық және шетелдік талапкерлерді тарту мақсатындағы үгіт-насихат жұмыстары күшейтілсін.
- 2.5. Әлеуметтік-тәрбиелік даму бойынша: Педагогика және психология институтының директоры Г.А.Абаеваға, Педагогика және психология институтының кафедра меңгерушілеріне:
- Педагогика және психология институт білім алушыларының студенттік кәсіпкерлік, стартаптар және инновациялар жобасына қатысуына қолдау көрсетілсін;
  - Педагогика және психология институтының студенттерін кәсіби репетиторлыққа, балаларды олимпиадаларға дайындауға, жалпы мектептік тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруға, қиын жасөспірімдермен жұмыс істеуге, Speaking Club-та қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қарым-қатынас дағдыларын дамытуға тарту жұмыстары жалғастырылсын;
- 2.6. Білім беру ортасын жетілдіру бойынша: Педагогика және психология институтының директоры Г.А.Абаеваға, Педагогика және психология институтының кафедра меңгерушілеріне Стратегия департаментімен бірлесе:
- Институт студенттері үшін дәрісханалар, жайлы қоғамдық кеңістіктер мен коворкингтік аймақтар, демалыс аумағын құру жұмыстарын жетілдіру мүмкіндіктері қарастырылсын.
- 2.7 Стратегия және цифрландыру бойынша: Педагогика және психология институтының директоры Г.А.Абаеваға, Педагогика және психология институтының кафедра меңгерушілеріне Стратегия департаментімен және Білім беруді цифрландыру департаментімен бірлесе:

